

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## Экономика және бизнес жоғары мектебі

(USS4512) Мемлекеттік активтерді басқару

2022-2023 оқу жылының - 1 семестрі

6B04102 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру  
бағдарламасы 4 курс

Дәріс 11 «Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық  
органдары»

*Дәріскер э. г. к., доцент Смағұлов А.*



# ӘКІМДЕР ЖӘНЕ ӘКІМДІКТЕР. ҚҰРЫЛУЫ, ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

---

## Негізгі ұғымдар :

- 1.Өңірлік басқару
- 2.Меншік
- 3.Мүлік

# Жергілікті мемлекеттік басқару органдары және олардың қаржы-экономикалық негіздері

- *Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік басқару, оның өкілді және атқарушы органдарының құзыреттері, ұйымдастырылу тәртібі мен қызмет бағыттары, сондай-ақ қызметтерінің экономикалық және қаржылық негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясы мен “Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” заңның тиісті баптарында айқындалып, белгіленген.*

- Сонымен, жергілікті мемлекетті басқару деп аумақтардың әлеуметтік экономикалық инфрақұрылымдарын жаңаша ұйымдастырып, қалыптастыруға және мемлекеттік саясат пен әкімшілік-аумақтық бөліністерді дамыту бағдарламаларында көзделген мүдделер мен міндет-мақсаттарды қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұрғылықты халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған іс-шараларды өздеріне белгіленген құзыреттері шегінде жүзеге асыруға атсалысатын тиісті мәслихаттар мен әкімдіктердің басқарушы атқарушы ықпал ету сипатындағы қызметтерін айтамыз.

# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- **Мәслихат – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тұрғылықты халқы сайлайтын, халықтың еркі мен тынысын білдіретін және олардың мүдделерін тиісті заңдар негізінде қамтамасыз ету үшін қажетті ісшаралар белгілейтін, сондай-ақ олардың тиісінше жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілетті орган болып табылады**
- Мәслихат құзыретіне: тиісті аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) ауданды, кентті, ауылды (селоны), ауылдық (селолық) округті ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту;
- тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарға сәйкес өзге де мәселелерді шешу;
- өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік-аумақтық құрылыс және жергілікті қауымдастық ұйымның шекараларын айқындау мәселелерін шешу;
- әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімдіктің дербес құрамын келісу;
- атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізуге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;
- тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністі дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жасау және т.б.

# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- Әкімдіктер – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті әкімшілік-аумақтық құрылыс ауқымында жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы органды айтамыз.
- *Әкім Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті деңгейде мемлекетті басқару өкілеттілігі берілген, орталық атқарушы органдардың барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуіне және сол аумақтарда тиісті мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын өз уәкілеттілік берген мемлекеттік мекемеге басшылық ететін және аумақтың әлеуметтік-экономикалық тиісінше дамуын қамтамасыз етуге жауап беретін Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметтің өкілі болып табылады. Жергілікті атқарушы органның және қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекемеге әкімнің аппараты жауапты [2].*
- **Атқарушы органдар өздеріне тән мына келесі белгілермен айрықшалаынады: олар жоғары тұрған уәкілетті органдар арқылы құрылады және осы органдарға есеп беруге міндетті болады; оларға айтарлықтай дербестілік берілгенімен, жоғары тұрған атқарушы билік органдарының бақылауында болады; олардың тұрақты штаттары болады және атқарушы билік қызметін жүзеге асырады; олардың құрылымы мен қызмет бағыттары әкімшілік құқықтық нормалармен белгіленеді.**

# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- Атқарушы органдар қызметтері мыналар: болжауда, қолда бар ақпараттардың, оның ішінде ғылыми ақпараттардың негізінде қандай да болмасын оқиғалардың немесе процестердің дамуында болатын өзгерістерге көз жеткізу; жоспарлау-басқару қызметінің күткен нәтижелерін, міндеттері мен мақсаттарын, бағыттарын, нақты сандық және сапалық көрсеткішін анықтау; жүйеге сай басқарушы мен басқарылушыны ұйымдастыру т.б.
- Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар өз қызметтерін жүзеге асыру мақсатында мүліктік және қаржы-бюджеттік құқықтармен қамтамасыз етіледі
- **Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымға арналған кәсіпорын қаржыларының қалыптасу көзі – оның пайдасы.** Кәсіпорында қалатын пайдадан мақсатты қорлар қалыптасады. Осы қорлар есебінен кәсіпорындар ұйымның тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық қызметтердегі қажеттіліктерін қанағаттандыра алады [4].
- **Кәсіпорын пайдасының көп бөлігі ведомстволық бағынысты тұрғын – коммуналдық және мәдени-тұрмыстық объектілерді қамтамасыз етуге бағытталған.** Ведомстволық бағынысты объектілерге келесілер жатады:
  - тұрғын үй қоры;
  - коммуналдық кәсіпорындар;
  - мектепке дейінгі мекемелер;
  - лагерьдер, демалыс үйлері, санаторийлер және т.б.

- б) Қазақстан Республикасының өндіргіш күштерін орналастыру схемасына сәйкес облыстың аудандық жоспарлану схемасын, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қаланы және астананы салудың бас жоспарларын әзірлейді, оларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық мәслихаттың қарауына енгізеді; облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық коммуналдық меншік объектілері мен облыстық маңызы бар, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырысшы болады, коммуналдық желілер мен құрылыстарды салуға рұқсат береді; әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлану схемаларын, аудан орталықтарын, облыстық маңызы бар қалаларды салудың бас жоспарларын әзірлейді және оларды облыстық мәслихатқа бекіту үшін ұсынады;



## Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімін қызметке тағайындау және қызметінен босату тәртібі

- 1. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі лауазымына тағайындауды мәслихатпен келісу тәртібі осы Заңда айқындалады.
- 2. Облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімін Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен босатады.
- 3. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл ретте әкім Қазақстан Республикасының Президенті тиісті әкімді тағайындағанға дейін өз міндетін атқаруды жалғастыра береді.

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің құзыреті

- 1. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:/
- 1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мүддесін білдіреді;
- 1-1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін реттеу, іске асыру және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асырады;
- 1-2) атқарушылық биліктің мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімдікте жүргізуді қамтамасыз етеді;

## Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппараты басшысының құзыреті

- Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппаратының басшысы:
  - 1) аппаратқа жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;
  - 2) өз құзыреті шегінде аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
  - 3) аппараттың құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;
  - 4) аппараттағы "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

- 1-10) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 1-11) атқарушы биліктің мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделері және қажеттіліктерімен үйлесімдікте жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 1-12) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлейді және мақұлдайды, облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасын мәслихаттың бекітуіне ұсынады және оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- 1-13) жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді және тиісті аумақтағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;
- 1-14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда тиісті аумақтың шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

# Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің құзыреті

- 1. Облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:
- 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін реттеу, іске асыру және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асырады;
- 1-1) алынып тасталды - ҚР 2008.12.04 [N 97-IV](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараңыз) Заңымен;
- 1-2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын тиісті мәслихатқа табыс етеді;
- 1-3) тиісті мәслихатқа және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясына облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді;

## Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері. Құрылуы және құрамы

- 1. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық әкімдік Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.
- 2. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық әкімдікті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі басқарады.
- 3. Әкім облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық әкімдікті әкім орынбасарларынан, әкім аппаратының басшысынан, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бірінші басшыларынан құрады.

## ЖАЛПЫ АНЫҚТАМА

Өңірлік басқару-бұл өңірдің орнықты және теңгерімді дамуын қамтамасыз ету және ағымдағы кезеңде және перспективада халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында өңірде болып жатқан экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, ресурстық-экономикалық және өзге де процестерге әкімшілік, экономикалық, саяси, идеологиялық сипаттағы әсерлердің (шаралардың) саналы түрде ұйымдастырылатын жиынтығы.

# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- *Жергілікті билік органдарының ресурстары халық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткіліксіз болса, олар кәсіпорындардан көмек сұрайды. Кәсіпорындар жалпы қалалық шараларға материалдық, қаржылық, еңбек ресурстарын бөледі. Кей жағдайларда кәсіпорындар жол төсеу, аумақты көгалдандыру шығындарын өздеріне алады. осындай мәселелерді шешу үшін көп қалаларда кәсіпорындар директорлар кеңесі құрылады.*
- Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізін келесілер құрайды:
  - муниципалды меншік;
  - жергілікті қаржылар;
  - мемлекеттік меншіктегі және жергілікті басқару органдарына пайдалануға берілген мүліктер.
- Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізі болып табылатын материалды қаржылық ресурстар шын мәнінде жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін анықтайды.
- Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізі муниципалды меншікті, жергілікті бюджетті және муниципалды құрылым халқының қызығушылықтары негізінде басқа да жергілікті қаржыларды қалыптастыру және пайдаланумен байланысты қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығымен сипатталады.
- Экономикалық негіздер жергілікті өзін-өзі басқарудың шаруашылық жүргізу қабілетін қамтамасыз етеді, халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызмет етеді және өмір сүру шарттарын қалыптастырады.



# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- **Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негіздерінің нығаюы мен дамуы жоғары дәрежеде жалпы Қазақстанның экономикалық жағдайына әсер етеді.** Осыдын шығатын қорытынды мемлекеттік билік органдары жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негіздерін дамытуға септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес билік органдары келесілерді қамтамасыз етеді:
  - объектілерді мемлекеттік меншіктен муниципалды меншікке беру тәртібін заң жүзінде реттеу;
  - жеке мемлекеттік құзыреттіктерді жүзеге асыруға қажетті материалдық ресурстармен қамтамасыз ету;
  - мақсатты аймақтық бағдарламалар арқылы міндеттерді шешуге қатысу;
  - қабылданған мемлекеттік шешімдерді жүзеге асыру барысында туындаған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қосымша шығындарын жабу;
  - мемлекеттік минималды әлеуметтік стандарттарды дайындау.

*Муниципалды меншік.* Муниципалды меншіктің қалыптасу процесі 13 қаңтар 1992 жылы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңының қабылдануымен басталды.

- **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес муниципалды құрылым меншігіндегі мүлік екіге бөлінеді.** Бір бөлігі шаруашылық жүргізу және оперативті басқару құқығы негізінде муниципалды кәсіпорындар мен ұйымдарға беріледі. Екінші бөлігі, яғни жергілікті бюджет құралдары мен басқа да муниципалды мүлік Азаматтық кодексіне сәйкес муниципалды құрылымның қазынасын құрайды.
- **Муниципалды меншік құрамына кіруі тиіс:**
  - жергілікті бюджет, бюджеттен тыс қорлардың құралдары;
  - жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүлкі;
  - муниципалды меншікке кіретін жерлер мен басқа да табиғи ресурстар;
  - муниципалды кәсіпорындар мен ұйымдар;
  - муниципалды банктер мен басқа да қаржы-несиелік ұйымдар;
  - муниципалды тұрғын үй қоры мен тұрғын үйге жатпайтын ғимараттар;
  - муниципалды білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мекемелері, сондай-ақ басқа да жылжитын және жылжымайтын мүлік.

## **Муниципалды меншік есебі муниципалды меншікке иелік ету, оны пайдалану тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.**

- Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Азаматтық кодексіне сәйкес жасалған. Меншік есебін мүлікті басқару комитеті муниципалды меншік объектілері реестрін енгізу арқылы жүргізеді.
- Қаланың муниципалды меншік объектілер реестріне кіреді:
  - унитарлы муниципалдық кәсіпорындар;
  - муниципалды мекемелер;
  - қалалық бюджет, бюджеттен тыс қорлар құралдары есебінен құралған және сатып алынған немесе заңдық тәртіппен муниципалды меншікке берілген муниципалды тұрғын үй мен тұрғын үйге жатпайтын ғимараттар, құрылыстар;
  - акционерлік қоғамның жарғылық капиталындағы акциялар пакеті;
  - өзіндік бюджеті бар қалалық өзін-өзі басқару органдарының құрылымдық бөлімшелерінің мүлкі.
- **Муниципалды құрылымның жергілікті өзін-өзі басқару органдары муниципалды меншікті басқарады.** Олар муниципалды меншікті жеке және заңды тұлғаларға уақытша немесе тұрақты пайдалануға беруге, жалға беруге мүліктік келісімдер жасуға, жекешелендірілген және пайдалануға берілген объектілерді пайдалану шарттарын келісім-шарттарда анықтауға құқылы.
- Қазақстан Республикасы Конституциясының 87 бабына сәйкес муниципалды меншік мемлекетпен танылады және қорғалады.

# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- Муниципалды меншіктегі жылжымайтын мүлік объектілері сату-сатып алу, айырбастау, сыйға, жалға бару процесстеріне қатысады, тұрғын үй объектілері уақытша пайдалануға, белгілі бір мерзімге тегін пайдалануға беріледі.
- Муниципалды меншіктегі объектілері сату-сатып алу мүлікті басқару комитетіне жазбаша өтініш беретін жеке және заңды тұлғаларға мен жүзеге асырылады.
- Комитет өтінішті тіркегеннен кейін территориалды әкімшіліктің және басқа ұйымдардың баланс ұстаушыларымен жылжымайтын мүлік объектісінің келісілген сатылымын жүргізеді.
- Муниципалды меншікке объектілерді сатып алу бөлімшелердің, комитеттердің, басқармалардың, департаменттің ұсыныстары, сондай-ақ әкімшіліктің тұрақты комиссиясының шешімі негізінде жүзеге асырылады.
- *Объектілерді сату және сатып алу бағасы лицензиясы бар нарық шылармен анықталған нарықтық бағамен жүзеге асырылады.* Жылжымайтын мүлік объектілерін сату-сатып алу келісім-шартын мүлікті басқару комитеті жазбаша нұсқада қатысушы жақтардың қолы қойылған құжат негізінде бекітеді.
- *Айырбас.* Ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй мен тұрғын емес ғимараттар және басқа жылжымайтын мүлік кез келген басқа меншікке басқа мүлікке айырбастау арқылы берілуі мүмкін. Айырбас келісімшартына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152-бабы сату-сатып алу ережесі қолданылады. Айырбас келісімшартын мүлікті басқару комитеті жазба нұсқада бекітеді және міндетті түрде тіркеуге жатқызылады.
- *Сыйға беру.* Сыйға беру келісімшартына сәйкес ғимараттарды, құрылыстарды, тұрғын үй мен тұрғын емес ғимараттарды және басқа жылжитын және жылжымайтын мүлікті сыйға беруші жақ екінші жақтың муниципалды меншігіне тегін береді немесе беруі тиіс.

# Мемлекеттік мүлікті басқару аумақтық органдары

- **Сыйға беруші мүлікті басқару комитеті болып табылады.** Меншікті сыйға тарту туралы шешімді сыйға беру келісімшартына сәйкес қала әкімі қабылдайды. Сыйға беру келісімшарты мүлікті басқару комитетінде міндетті түрде тіркеуден өтуі тиіс.
- **Барлық жағдайда: сатып алу, айырбастау, сыйға беру кезінде келісім-шарттар бойынша жылжымайтын мүлік объектілеріне иелік ету құқын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.**
- **Жалға беру.** Мүлікті жалға беруші мүлікті басқару комитеті болып табылады. Жалға беруші ретінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары, шет мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары, бірлескен кәсіпорындар бола алады [6].
- **Жалға жер телімдері, ғимараттар, құрылыстар тұрғын үй және тұрғын емес ғимараттар, құрал-жабдықтар, көлік құралдары берілуі мүмкін.**
- **Мүлікті жалға алғысы келетін жеке және заңды тұлғалар мүлікті басқару комитетіне жалға алғысы келетін объектісі көрсетілген жазбаша өтініш береді.** Мүлікті басқару комитетіне бірнеше өтініштер түскен жағдайда жал құқығына сауда жүргізіледі.
- **Жалға беру келісім-шартында уақыт мерзімдері көрсетіледі, мүлікті жалға беру акт негізінде жүргізіледі.** Жал төлемі ақшалай формада бекітіледі және жергілікті бюджет қаражаты болып табылады.
-

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының «**Жергілікті мемлекеттік басқару туралы**» Заңы 23 қаңтар, 2001 жыл.

**2.Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л.** Государство и бизнес. Отношения между правительством и бизнесом. Книга 2: Учебник. – Алматы: Экономика, 2002. – 496 с.

**3.Танкиева А.** Жергілікті басқаруда экономикалық механизмдерді қолдану жолдары // Қаржы-қаражат. 2004, №3. 65 б.

**4.ҚР Конституциясы.** Алматы, 2004.

**5.«Қазақстан аймақтарының дамуындағы негізгі үрдістер»** Қоғам және Дәуір №4 2004

6.Курманбаева С.К. Муниципальный менеджмент, 2000.

## Негізгі ұғымдар :

- 1.Өңірлік басқару
- 2.Меншік
- 3.Мүлік

Мемлекет субъектісінің мемлекеттік билік органдары қызметінің экономикалық негізін ҚР субъектісінің меншігіндегі мүлік, ҚР субъектісінің аумақтық мемлекеттік бюджеттен тыс қорлары субъектісінің бюджет қаражаты , сондай-ақ ҚР субъектісінің мүліктік құқықтары құрайды. ҚР өңірлерінің меншігін мемлекет меншіктің өзге нысандарымен тең дәрежеде таниды және қорғайды



## ҚР аймақтар меншігіндегі мүліктің жіктелуі

```
graph TD; A[ҚР аймақтар меншігіндегі мүліктің жіктелуі] --> B[Жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуге арналған мүлік]; A --> C[Экономикалық міндеттерді шешуге арналған мүлік]; A --> D[Әлеуметтік-демографиялық міндеттерді шешуге арналған мүлік];
```

Жалпы  
мемлекеттік  
міндеттерді  
шешуге  
арналған мүлік

Экономикалық  
міндеттерді  
шешуге арналған  
мүлік

Әлеуметтік-  
демографиялық  
міндеттерді  
шешуге арналған  
мүлік

## Экономикалық міндеттерді шешуге арналған мүлік

- 1) аймақтық немесе коммуналдық маңызы бар автомобиль жолдары, оның ішінде оларға қызмет көрсету үшін қажетті мүлік; жолаушылар көлігі және коммуналдық қатынастардағы жолаушылар тасымалын жүзеге асыру үшін қажетті басқа мүлік;
- 2) ҚР субъектілерінің ғылыми және ғылыми-техникалық ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;
- 3) өзен порттарының аумақтарында орналасқан, оларды күтіп-ұстауға, дамытуға және пайдалануды ұйымдастыруға қажетті мүлік;
- 4) оларды ұстауға, дамытуға және пайдалануды ұйымдастыруға қажетті мүлікті қоса алғанда,
- 5) азаматтық авиация әуежайлары және (немесе) әуеайлақтары;
- 6) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамыту саласындағы өңірлік және муниципалитетаралық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті мүлік.

## Жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуге арналған мүлік

- 1) көрсетілген органдар мен мекемелерді орналастыруға арналған тұрғын емес үй-жайларды қоса алғанда, ҚР субъектісінің мемлекеттік билік органдары мен ҚР субъектісінің мемлекеттік мекемелерінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;
- 2) мұрағат қорлары және оларды сақтау үшін қажетті өзге де мүлік;
- 3) муниципалитетаралық және өңірлік сипаттағы төтенше жағдайлардың, дүлей зілзалалардың, эпидеттердің алдын алу және олардың зардаптарын жою, төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өмірін сақтап қалуға және денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін қажетті қорғаныс құрылыстарын қоса алғанда, мүлік;
- 4) мемлекеттік табиғи қорықтар мен өңірлік маңызы бар табиғат ескерткіштерін күтіп-ұстау және қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;

## Әлеуметтік-демографиялық міндеттерді шешуге арналған мүлік

- 1) Білім беруді ұйымдастыруға қажетті мүлік;
- 2) Қазақстанның Өңірлері субъектісі кітапханаларының, муниципалитетаралық кітапханалардың мүлкі;
- 3) мұражай қорлары және оларды сақтауға, зерттеуге және көпшілікке ұсынуға қажетті мүлік;
- 4) Қазақстанның Өңірлері мемлекеттік мәдениет және өнер мекемелерінің мүлкі;
- 5) Қазақстанның Өңірлері мемлекеттік билігінің атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдарда алғашқы медициналық-санитариялық көмек, мамандандырылған медициналық көмек,
- 6) Жедел медициналық көмек және паллиативтік медициналық көмек көрсету, медициналық сараптамалар, медициналық тексерулер және

егде жастағы азаматтар мен мүгедектерді,  
жетім балаларды, қараусыз қалған балаларды, ата-  
анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік  
және медициналық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;

балалардың демалысы мен сауығуын ұйымдастыру және  
қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;

ресми өңірлік және муниципалитетаралық дене  
шынықтыру, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-  
шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті спорт  
объектілері және өзге де мүлік;

өңірлік маңызы бар емдеу-сауықтыру орындарын және  
курорттарды құру, дамыту және қорғауды қамтамасыз ету  
үшін қажетті мүлік;



«Самұрық-Қазына»  
**ЖЫЛЖЫМАЙТЫН**  
**МҮЛІК ҚОРЫ**




[www.fnsk.kz](http://www.fnsk.kz)

# **ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ**

Астана, 2013 ж.

**ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**



Жылжымайтын мүлік объектілері құнының  
түрлері және оның бағасына әсер ететін  
факторлар.

## Жылжымайтын мүлік

- **Жылжымайтын мүлік** — азаматтық актіде жеке тұлға не заңды тұлғаның иелігіндегі жер және басқа жер-сулар, сол жердегі қозғалмайтын мүліктер (ғимараттар, заводтар және т.б.)
- жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер.



- Мұндай анықтама халықаралық бағалау стандарттарына негізделген «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде әзірленген «Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау» бағалау стандарттарында белгіленген. Бұл құжатта жылжымайтын мүлік жердің физикалық участогі ретінде саналады және адамның қатысуымен жерді жақсартуға болады. Жер – табиғи зат, материалдық зат, оның үстінде және астында тұрған барлық құрылыстармен қоса көруге, ұстауға болады.
- Жылжымайтын мүлікті физикалық объект ретінде және құқықтық тұрғыдан меншік ретінде айыра білу үшін жылжымайтын мүлікке меншік құқығы түсінікті айыра білу қажет.
- Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы жер пайдалану құқығының пайда болуын анықтау және оның дамуына жағдай жасау, өзгертілуі мен тоқтатылуымен, ұтымды пайдалану мен қорғаумен және реттеуімен түсіндіріледі.



## Жылжымайтын мүліктің негізгі ерекшеліктері

- Жылжымайтын мүлік дамыған объектісі негізгі 3 элементтерінен тұрады, олар:
- жер
- жерді жетілдіру
- жылжымайтын мүлікті жабдықтау
- Аталған элементтер өздерінің мән тұрғысынан адамның тұрғысынан табиғатты игеру кезеңдерінен тұрады. Құнды анықтау кезінде, жалпы жылжымайтын мүлік нарығына, сонымен қатар қарастырылып отырған меншіктің құндылығына әсер ететін, барлық факторлар есепке алынады.

Жылжымайтын мүліктің құнын анықтау кезінде негізгі үш тәсілді қолданылады:

-шығын тәсілі

-сатылымдарды салыстыруға негізделген тәсіл

-кіріс тәсілі

Осы тәсілдердің әрқайсысы, жылжымайтын мүлік объектісінің, бағалық мінездемесінің әртүрлі болуына әкеледі.

Әрі қарай жүргізілетін салыстырмалы сарап, қолданылған әдістердің әрқайсысының, жетістіктері мен жетіспеушіліктері таразылауға мүмкіншілік береді.

Сонымен қатар, сенімді болып табылған әдістердің берілгендердің негізінде объектінің ақырғы бағасын бекіту.

## Жылжымайтын мүлікті бағалаудың мақсаты.

- Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес бағалаушы мен тапсырыс берушінің арасында жасалған бағалау жүргізу шарты бағалауды жүргізуге негіздеме болып табылады. Бағалау объектісіне бағалау жүргізу құқығы міндетті құқық болып табылады және бухгалтерлік есеп жүргізу мен есептілікті жүзеге асырудың заңдармен белгіленген тәртібіне тәуелді емес.

Жылжымайтын мүлік объектілерінің құны бірқатар факторлардың әсерін ескере отырып анықталады (орналасу орны, инфрақұрылымның бар болуы және сапасы, физикалық сипаттамалар және т.б.).

Жылжымайтын мүлік объектілерінің құнын есептеу кезінде барлық факторларды есептеу үшін әртүрлі бағалау тәсілдері мен әдістері қолданылады.

Бағалаушылардың шешетін мәселелерінің негізгісі-құнды бағалау. Бағалау объектісіне ұқсас меншік объектісін тұрғызуға қажетті шығатын шығын мөлшерін шығын деп атайды.

Кез келген ұлттық экономика қалыптасқан өндіріс түрлерімен ерекшеленеді. Ал өндіріс пен шаруашылық түрлері ел аумағында орналасқан. Тарихи түрде әрбір елдің экономикасы белгілі бір халықтың жер аумағын игеруге, ондағы табиғат жағдайына және ресурстарына байланысты болған.



**Аймақтық экономика** – елдің жеке аймақтарының табиғи – экономикалық жағдайларына байланысты өндіргіш күштердің орналасуы мен әлеуметтік – экономикалық процестердің дамуы туралы ғылыми білім саласы.

**“Регион”** – латын тілінен аударғанда “аймақ” деген мағынаны білдіреді. Қазақстанның ұлттық экономикасында ХХ ғасырдың 60 – 70 жылдарында қолданыла бастаған.

**Регион** – табиғи ерекшеліктерімен анықталатын географиялық ұғым.

**Регион (аймақ)** - әлеуметтік – экономикалық кеңістіктің біртұтастығы.

**Аймақтық экономиканың ерекшеліктері:**

*\*әкімшілік құрылымы*

*\*әкімшілік – территориялық аумағы*

*\*орналасқан өндіріс салалары*

*\*шаруашылық түрлері*

*\*инфрақұрылым жүйесі*

*\*тұрғындар мекендері*

*\*әкімшілік басқару объектілері*

Аймақ экономикасының түпкі мақсаты – тұрғындардың тұрмыс деңгейін тұрақтандыру, мүмкін болғанынша жоғарылату



# **Аймақтық экономика**

**Шартты түрде оқшауланған ұдайы өндіріс жүйесі**

**Шартты түрде оқшауланған әлеуметтік –  
экономикалық жүйе**

**Басқа аймақтармен байланыстағы экономикалық  
жүйе**

# АЙМАҚТЫҚ САЯСАТ

*Аймақтық экономиканың табысты қызмет атқаруы көбінде жергілікті әкімшіліктің оңтайлы шешім қабылдауына байланысты, осы аймақтың экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктері мен артықшылықтарына сәкес экономикалық **саясат жүргізуге** тіреледі.*

Аймақтық саясаттың іс -  
шаралары

*Қолдауды қажет ететін аймақтың негін  
ануқтау*

*Әр аймақтың әлеуметтік – экономикалық  
дамуының концепциясын жасау*

*Аймақтық саясатты жүзеге асырушы  
субъектілерге нақты міндеттер жүктеу*

**Ахметов Даниял Кенжетайұлы**  
d.ahmetov@akimvko.gov.kz



*Өндіріс секторын дамыту негізінде – жұмыссыздық деңгейін қысқарту, тұрғындарды тұрақты табыспен қамтамасыз ету.*

*Экономикасы жоғары дамыған және экономикасы жеткілікті дамымаған аймақтарды индустрия орталықтарына қосу арқылы әл – ауқатын жақсарту.*



*Аймақтық тұрмыс деңгейіндегі ашықтықты жою.*

*Аймақтардың өзін – өзі толық қаржыландыра алуына ықпал жасау.*



## Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік дегеніміз не?

**МЖӘ** – инфрақұрылым объектілерін жобалау, қаржыландыру, салу, қайта құру, пайдалану және қызмет көрсету мақсатында **тәуекелдерді теңгерімді бөлу жағдайында** мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласына жататын салалардағы мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастық түрі.



### МЖӘ жобаларының басты белгілері

- ❖ Денсаулық сақтау, білім беру, көлік, ТКШ және басқа салаларды қоғамдық қызметтер көрсету үшін ұзақ мерзімді келісімшарт (30 жылға дейін).
- ❖ Мүдделер мен тәуекелдердің теңгерімі негізінде мемлекет пен бизнестің тең әріптестік қатынастары.
- ❖ Жеке сектордың мемлекет атынан қызметтер көрсету мүмкіндігі (авто және т/ж жолдарына, сервистік қызмет көрсету, білім беру, ауруларды ауруханада емдеу және басқалар).
- ❖ Әріптестік тараптары экономиканың мемлекеттік те, жеке секторы сияқты көрсетілуі тиіс.



«Қазақстандық мемлекеттік-жекешілік әріптестік орталығы» АҚ Мемлекеттік-жекешілік әріптестікті дамытудың мемлекеттік институты, оның негізгі мақсаты - МЖӘ жобаларын іске асыру арқылы әлеуметтік инфрақұрылымға инвестициялар тарту.

МЖӘ дамыту орталығының жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

МЖӘ бойынша Қазақстандағы жетекші «ғылыми орталық» ретінде МЖӘ дамыту орталығы өз алаңында үкіметті, бизнесті және қаржы институттарын біріктіреді.

### **Негізгі қызмет түрлері:**

1. МЖӨ саласындағы заңнаманы дамыту және жетілдіру.
2. МЖӨ мәселелері бойынша инвесторларға ақпараттық-кеңестік сүйемелдеу.
3. Үкімет үшін МЖӨ және бюджеттік жобаларды сараптау және бағалау.
4. Мемлекеттік және жеке сектор ұйымдарына әдістемелік және консультативтік сүйемелдеу.
5. МЖӨ жобаларын консультативтік сүйемелдеу - МЖӨ жобасына тендерлік құжаттаманы, МЖӨ шартының жобасын, оның ішінде МЖӨ субъектілері арасындағы келіссөздер барысында консультациялық қызметтерді әзірлеу.

### *Анықтама үшін:*

2020 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан бойынша жалпы сомасы 1,6 трлн теңге көлемінде 717 мемлекеттік-жекешілік әріптестік шарты жасалды.

Осы салада халықаралық тәжірибені зерделеу құрылымды оңтайландыру, бірыңғай есепті ұйымдастырумен қатар, мемлекеттік активтерді басқарудың қазіргі үлгісін реформалауды өткізу қажеттігін көрсетті.

Мемлекеттік активтерді басқарудың қазіргі үлгісін реформалау мен жаңғырту бағыттарының бірі болып мемлекеттік – жеке меншік әріптестік үлгісін белсенді енгізу табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік жеке меншік әріптестігінің лизинг, мемлекеттік сатып алу, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына жеке адамдармен қатар, мемлекеттің қатысуы, мемлекеттік меншік объектілерін сенімді басқару сияқты тетіктерін кеңінен қолдану практикасы бар. Мемлекеттік жеке меншік әріптестігінің осы тетіктерінің қолданылуы нақты нормативтік базамен сипатталады.



Мемлекеттің мүддесі бюджеттік инвестициялар шеңберінде бюджет қаражатының сақталуымен қамтамасыз етіледі, өйткені концессиялық шарттардың міндетті талабы концессиялық жобаларды толық немесе ішінара жеке сектордың қаражаты есебінен қаржыландыру болып табылады. Сондай-ақ, мемлекеттің мүддесі концессионердің концессия объектісіне байланысты қызметтен тұрақты және кепілдендірілген пайда алу мүддесімен қамтамасыз етілген концессия объектісін неғұрлым тиімді экономикалық және технологиялық басқарудан көрінеді.



## МЖӨ-ні қолдану салалары



МЖӨ-дағы қажеттілік ең алдымен, мемлекет дәстүрлі жауапты болатын салаларда туындайды, МЖӨ-нің басты мақсаты әр тараптардың ресурстарын және тәжірибесін біріктіру жолымен қоғам мүддесіндегі инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда көлік және энергетика салаларында МЖӨ жобаларын іске асыру тәжірибесі бар.

Бүгінгі күнге білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық салаларында МЖӨ жобаларын іске асыруда қажеттілік бар.

### Білім

- балабақша, мектеп, жатақханалардың құрылысы және ұстауы;

### Денсаулық сақтау

- емдеу және денсаулық сақтау мекемелерінің құрылысы және ұстауы;

### Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

- су жетістіру және су бөлудің жүйелері;  
- қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуі;  
- қуаттылықтың жылу генераторы мен желілерді бөлушілерге қызмет көрсету, қайта құру;

### Энергетика

- Электр генераторлы станцияларды салу (жаңартылған энергия көздері);  
- Электр бөлуші жүйелерге қызмет көрсету;

### Көлік

- Авто және т/ж жолдарын салу және пайдалану;  
- вокзалдарды, т/ж станцияларын, аэропорт ғимараттарын салу (қайта құру) және пайдалану;  
- Паркингтерді салу;





## МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

ҚАСАЛҒАН КЕЛІСІМДЕР

116

ҚҰНЫ

139,5 МЛРД  
ТЕҢГЕ

ҰРҒЫЗЫЛҒАН НЫСАНДАР

89

ЕНДІ ЕНГІЗІЛЕТІН ЖОБАЛАР

431





# МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӨРІПТЕСТІК

## 2017 жылға жоспарланған жобалар

### Жоба



### Ағымдағы жағдайы



**Қалалық жедел және шұғыл медициналық көмек бекеті**

*(Инвестор - «Туркуаз» түрік компаниясы)*

*(құны – 5,5 млрд.тг., қуаттылығы – жылына 150 мың. шақыру)*

### Жоба



### Ағымдағы жағдайы



**Офтальмологиялық аурухана**

*(құны – 2,9 млрд.тг., қуаттылығы – 60 кәрісет)*



**Кезегінде 500 қабылдауға арналған 2 қалалық емхана**

*Құны – әрқайсысы 2 млрд.тг.*

*Қуаттылығы – 500 қабылдау*



**Қалалық балалар стоматологиялық емхана**

*Құны – 616,4 млн.тг.*

*Қуаттылығы – 300 қабылдау*



**2500 орындық Мұз айдыны**

*Құны – 3,5 млрд.тг.*

*Қуаттылығы – 2500 орын*



**54 балабақша**

*Қуаттылығы – 4605 орын*

2016-2018 ж.ж. кезеңіне барлық инвестиция көлемі 28 млрд. теңгеге мемлекеттік-жекеменшік өріптестігімен 38 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Одан бөлек, МЖӨ механизмін қолданып 54 мектепке дейінгі ұйымдар салу жоспарлануда.

# *Міндеттері:*

- Қазақстандағы Жергілікті басқару жүйесінің қазіргі жағдайын тереңірек зерттеп, жаңа даму бағыттарды белгілеу;
- әлеуметтік қорғаудың экономикалық мазмұнын және белгілерін;
- халықты әлеуметтік қорғаудың ғылыми-теориялық негіздерін;
- Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы халықты Жергілікті басқару жүйесін басқару ерекшеліктерін талдауды;
- Түпқараған ауданы халқының Жергілікті басқару жүйесін басқаруды талдауды;
- Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы халықты Жергілікті басқару жүйесін басқару ерекшеліктерін жетілдіру жолдарын. Зерттеу нысаны: Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы Әкім аппаратындағы Жергілікті басқару жүйесі.



*Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес белгіленеді:*

Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен олардың қызметі заңмен реттеледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

*Қазіргі жергілікті басқару жүйесінің тиімділігін шектейтін негізгі кемшіліктері мыналар:*

Жетілдірілмеген заңнама - әлеуметтік саланы реттейтін заңнама әлеуметтік қатерлер мен төлемдерге негізделмей, төлемдер түрлері бойынша қалыптастырылған;

Әділдігі жеткіліксіз және ынталандыру деңгейі төмен - әлеуметтік жәрдемақылар алу құқығын іске асыру кезінде салықты төлеп, азаматтық борышын атқарып жүрген еңбеккерлердің салық аудармайтындардың алдында артықшылығының болмауы;

айқындықтың жеткіліксіздігі - әлеуметтік төлемдерді алу процесін қадағалауға арналған дербес сәйкестендіру жүйесінің қалыптасу сатысында болуы

***Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы халқының жергілікті басқару жүйесінің ерекшеліктерін талдау:***

*Орта ғасырларда бұл жерде теңіз айлағы – Кетік қала қалашығы орналасқан. Бекініс аумағында жүргізілген археол. қазбалар нәтижесі бойынша Кетікқала қалашығы 10 – 15 ғ-ларда Еуропа мен Орталық Азияның экономикалық орталықтарымен сауда байланыстары болғанын айғақтайды. Форт-Шевченкоға қала мәртебесі берілді 1938 – 1963 ж. Шевченко ауданының орталығы, 2001. Маңғыстау облысы бағыныстағы қала болып келді. 1992 жылдан жаңадан құрылған Түпқараған ауданының орт., ауданы бағыныстағы қала.*





Көрсеткіштер	2012 ЖЫЛ	2013 ЖЫЛ	2014 ЖЫЛ	2015 ЖЫЛ	2016 ЖЫЛ
1. Орташа айлық атаулы жалақы, тенге	52479	60805	67333	77611	86707
2. Ең төменгі күнкөріс минимумы, тенге	9653	12364	12660	13487	15461
3. Зейнетақының орташа көлемі, тенге	10654	13418	17090	23013	35950
4. Орташа АӘК, тенге	921,8	1149,5	1130,5	1762,1	2633,2
5. Орта мерзімді атаулы жалақының ең төменгі күнкөріс деңгейіне ара-қатынасы	18,4/81,6	20,3/79,7	18,8/81,2	17,4/82,6	17,8/82,2
6. Зейнетақының орташа көлемінің ең төменгі күнкөріс деңгейіне ара-қатынасы	90,6/9,4	92,1/7,9	74,1/25,9	58,6/41,4	43/57
7. Орташа АӘК ең төменгі күнкөріс деңгейіне ара-қатынасы	9,5/90,5	9,3/90,7	9/91	13/87	17/83
Ескерту - ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері негізінде дайындалды. [9]					

*Форт-Шевченко қаласы Түпқараған ауданының халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі әлеуметтік–экономикалық индикаторларына талдау берілген.*

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы бойынша 2016 жылы келесі жоспарлар бойынша жұмыс жасалмақ:

- 2000 жаңа жұмыс орнын ашу;
- «Модернизация ЖКХ» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру;

Жоспарланған аумақта 220 орындық 2 бала-бақша, басқа да инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген басқа да қызмет көрсету нысандары бой көтеруі жоспарлануда.

-МЖС есебінен № 21 гимназия аумағында балабақша құрылысы.

-10 жекеменшік балабақша ашу арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамтамасыз ету.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жүзеге асыру жобалары(семинарлар, дөңгелек үстелдер).

108 үйді қамтып, 7 м2 ескі үйлерді алып тастау бойынша жобаны жүзеге асыру.



Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Жергілікті мемлекетті басқармасы туралы» заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасында әлеуметтік бөлімнің ережесі бекітілді.

Әлеуметтік сала бөлімі Форт-Шевченко қаласының құрылымдық бөлімшесі және өзінің қызметіне ҚР Конституциясы, «Мемлекеттік қызмет туралы», «ҚР еңбегі туралы», «Коррупциямен күрес туралы», «ҚР тілдер туралы», «Әкімшілік процедуралар туралы», «Қағидалы заңдар актісі туралы» заң, ҚР Президентінің Жарлығы, ҚР Үкіметінің қаулысы, мемлекеттік қызметкерлердің қызмет этика ережелері және сол сияқты қағидалы актілері кіреді. Бөлім алдында келесі міндеттер тұр: ҚР Конституциясының, Заңдарының, Жарлықтарының, Қаулыларының, Қазақстан-2030 стратегиясының, ҚР Президентінің Жолдауы және қала, аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын тексеріп қадағалау. Аудан қызметінің шамасына қарай стратегиялық және тактикалық бағытты өңдеу, концепциялар, жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламаларын дамытып, іске асыруына белсене араласу. Әлеуметтік салада мемлекеттік бағдарламалы құжаттардың реформалық бағытын іске асыру, насихаттау және оны түсіндіру. Аудан қызметтерінің тәжіірбелік қызметін теңестіру және жұмыспен қамту орталығы мен әлеуметтік бағдарламасымен жұмыс жасау, үйде қызмет көрсету бөлімі, денсаулықты сақтау мекемелері, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер басқармасы, ауданның мемлекеттік зейнет ақы төлеу және ҰОС ардагерлер одағы, дәріхана жүйелері, емдік-профилактикалық мекемелері және денсаулықты сақтау сұрақтарымен айналысатын мекемелермен қатынасып жұмыс жасау.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!

